«Бекітемін»

Мектеп директоры

А.Юсупова

«Келісемін»

Оқу ісі жөніндегі орынбасары

Е.Әмірбеков

**«№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылындағы жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары.**

Жаратылыстану әдістемелік бірлестігінің жоспары

**Химия, биология, география,музыка, дене шынықтыру пәндер бірлестігі**

**Тақырыбы:** Оқытудың жаңа технологияларын жаратылыстану пәніне пайдалана отырып, мәдениетті, экологиялық сауатты, белсенді, шығармашылыққа бейімделген тұлға қалыптастыру

**Мақсаты:** Пәндік материалдарды әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейін ескере отырып, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы қабілетін дамыту. Ғылыми негізінде түзілген бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін арттыру. Өнерлі, шыныққан, шымыр дені сау ұрпақ тәрбиелеу

**Міндеттері:** Оқушыларға коммуникативтік - танымдық қызығушылығына сай білім беру, практикалық түрде меңгерту, оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін игеріп, оны сабақ пен сыныптан тыс шараларда қолдануда, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың жаңа, тиімді әдіс-формаларын іздеу бағытында мектеп әкімшілігінің мұғалімдер және тәрбиешілермен бірлесіп өткізетін іс-шараларының жиынтығы.

| *№* | *Іс-шаралар* | *Мерзімі* | *Жауапты* |
|---|---|---|---|
| *1* | *1.Бірлестіктің жаңа оқу жылындағы міндеттері*<br><br>*2. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» нұсқау хат жайында баяндама*<br><br>*3.2022-2023 оқу жылына арналған бірлестіктің іс жоспарын талқылау және бекіту.*<br><br>*4. Пән бойынша мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылау, бекіту.*<br><br>*5. Пән кабинеттердің жабдықталуы мен материалдық қорының талапқа сай болуы туралы*<br>*6..Жаңа оқу жылына ашық сабақтарды жоспарлау, кестесін жасау.*<br><br>*7. Дене шынықтыру пәнінен үйірмеге қатысатын оқушыларды анықтау* | *Тамыз* | *Бірл. жет. Досыбаева Р*<br><br>*Пән мұғалімдері*<br><br>*Пән мұғалімдері*<br><br>*Пән мұғалімдері*<br><br>*Пән мұғалімдері* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 8. Әр түрлі мәселелер | | Пән мұғалімдері<br>Мырзашов Д<br>Даулетбаев С<br>Мирзабаев А |
| 2 | 1.1тоқсандағы бақылау жұмыстар мен ашық сабақтардың қорытындысы.<br><br>2.Оқушылардың білім сапасын мониторингілеу (талдау)<br><br>**3**. Химия пәнінің мұғалімі Джангутова Айнұрдың « Химия пәнінен білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдері» (баяндама) | Қараша | Пән мұғалімдері<br><br>Пән мұғалімдері<br><br>Джангутова А |
| 3 | **1**.I жарты жылдық қорытындысы (бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау)<br><br>2. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу, ашық сабақтар өткізу.<br><br>**3**.Пән олимпиадасын өткізу.<br><br>**4**. Жаратылыстану пәндер апталығын өткізу<br>**5**. Түрлі мәселелер | Қаңтар | Пән мұғалімдері<br><br>Пән мұғалімдері<br><br>Пән мұғалімдері<br><br>Пән мұғалімдері |
| 4. | **1**.III тоқсан қорытындысы (бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау)<br><br>**2**. Мұғалімдердің өз білімін көтеру жұмыстарының есебін тыңдау (пән мұғ.)<br><br>**3**.Химия, биология пәндерінің дәптерлері және бақылау жұмыстарының жүргізілуі.<br><br>**4**. Түрлі мәселелер. | Наурыз | Пән мұғалімдері<br><br>Пән мұғалімдері<br><br>Пән мұғалімдері |
| 5. | **1**.Қ Р мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандартындағы әрбір сыныптар үшін берілген міндетті білім деңгейін орындалу барысы.<br><br>**2**. II жарты жылдық бақылау жұмысының қорытындысы (мониторинг жасау).<br><br>3. Емтихан материалдарын талқылап, мектеп директорының бекітуіне ұсыну.<br><br>**4**. 2022-2023 оқу жылының әдіс бірлестігінің бір жылдық жұмысының қорытындысы. | Мамыр | Пән мұғалімдері<br><br>Пән мұғалімдері<br><br>Пән мұғалімдері<br><br>Бірл. жет.<br>Пән мұғалімдері |

Бірлестік жетекшісі: Р.Досыбаева

*Хаттама №1*
*«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылдың тамыз айының отыз бірі күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы болды.*

*Қатысқаны: - 8*
*Қатыспаған: -*

*Күн тәртібінде:*
*1.Бірлестіктің жаңа оқу жылындағы міндеттері*

*2. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» нұсқау хат жайында баяндама*

*3.2022-2023 оқу жылына арналған бірлестіктің іс жоспарын талқылау және бекіту.*

*4. Пән бойынша мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылау, бекіту.*

*5. Пән кабинеттердің жабдықталуы мен материалдық қорының талапқа сай болуы туралы*
*6. Жаңа оқу жылына ашық сабақтарды жоспарлау, кестесін жасау.*

*7. Дене шынықтыру пәнінен үйірмеге қатысатын оқушыларды анықтау*

*8. Әр түрлі мәселелер*

*Тыңдалды:*

*1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза сөз алды. Бірлестігінің жаңа оқу жылындағы міндеттерімен таныстырды.Оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін игеріп,оны сабақ пен сыныптан тыс шараларда, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың жаңа,тиімді әдіс-формаларын қолдану керектігін айтты*

*2.Биылғы оқу жылында балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу, білім алушылардың білімін толықтыру,қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету.Білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету, мереке күндерге сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары\оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілуі қажет. Бұл ретте қосымша сағаттар бөлінбейді. Сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылатынын айтты.*

*3Бірлестіктің іс жоспарындағы өзгерістер мен толықтыруларын атап өтті.*

*4. Жаратылыстану бірлестігіне қарасты мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылап, ашық сабақтарды жоспарлау кестесін мектеп директорының бекітуіне ұсынылатынын айтты. Жоспарды бағдарламаға сай, тиянақты, нақты жазу керектігін ескере өтті.*

*5.Кабинеттерді талапқа сай безендіру. Әдістемелік материалдарды топтастыру, гүл отырғызу, қауіпсіздік ережесі, тазалық сақтау ережелеріне тоқталды.*

*6.Дене шынықтыру үйірмесіне қатысатын оқушылардың тізімі анықталып, үйірме жоспары талапқа сай жазылуын айтты*

*6.Әр түрлі мәселелер*

*Шешім етеді:*

1. *Оушылармен жұмыс істеуде оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіру*
2. *Бірлестікте жоспарланған іс-шараларды уақытында өткізу*
3. *Жоспарды бағдарламаға сай, тиянақты, нақты жазу керектігін ескертіп өтті.*
4. *Пән кабинеттері талапқа сай жабдықталынсын*
5. *Курстан өтетін мұғалімдерге курсқа баруға ұсыныс тастау*

*Бірлестік жетекшісі:* *Р. Досыбаева*

*Хатшысы:* *А.Жарқынбаева*

*Хаттама № 2*
*«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты»*
*коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022жылдың қараша айының*
*екісі күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы болды.*

*Қатысқаны: - 8*
*Қатыспаған: -*

*Күн тәртібінде:*

*1.1тоқсандағы бақылау жұмыстары мен ашық сабақтардың қорытындысы.*

*2.Оқушылардың білім сапасын мониторингілеу (талдау)*

*3. Химия пәнінің мұғалімі Джангутова Айнұрдың « Химия пәнінен білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдері» (баяндама)*

*Тыңдалды:*

*1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Р. Досыбаева сөз алды.*

*Ол өз сөзінде I тоқсанның қорытындысы жайлы тоқталды. Болашақ жастардың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етудің ең биік шыңы – білім сапасын арттыру екендігі, бұл мәселе біздің басты мәселе болып отыр .Әр баланың білім алуға ынтасын көтеру шартты нәрсе екенін , жұмыс түрлерін ұйымдастыруда оқушылардың үлгерімін жақсарту барысында әр түрлі әдіс – тәсілдер мен жаңа технологияны пайдалан. Жаңартылған білім мазмұнындағы бағалаудағы ерекшелікшеліктері жайлы айтты.*

*Ең бастысы , оқушылардың сабақты әрбір сабақ сайын берген жақсы жауаптарын мадақтап отыру , жеке , жұппен , топта жұмыс жүргізу . Сабақты жиі сұрау , балалардың өз пікірін еркін айтуға үйрету керектігін ескертті .*

*2. Екінші мәселе бойынша*

*Досыбаева Роза химия, биология, география пәндерінен оқушылардан алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі жайлы хабарлады. Пән мұғалімдері Джангутова А, Досыбаева Р, Жарқынбаева А екенін айтты.5 сыныптар жаратылыстану 37 оқушының 7-і оқу озаты,18 оқушы екпінділер, 12 оқушы үлгерушілер, білім сапасы 67,57%, орташа балл 4,14 . 6 сынып жаратылыстану жалпы оқушы саны 36, оқу озаты 2, екпінділер 14, үлгерушілер 20, білім сапасы 44,44%, орташа балл 3,91. 7 сынып жалпы оқушы саны 33, оқу озаты 3,екпінділер 13, үлгерушілер 17, білім сапасы48,48%, орта балл 3,85. 8 сынып оқушы саны 33, оқу озаты 3, екпінділер 9, үлгерушілер 16, білім сапасы51,52%, орташа балл 4,07. 9 сынып оқушы саны 26, оқу озаты3, екпінділер 12, үлгерушілер 11, білім сапасы 57,69%, орташа балл 4,05. Функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлға тәрбиелеу керектігін айтты.*

*3.Үшінші мәселе бойынша химия пәнінің мұғалімі Джангутова Айнұр сөз алды.*

*«Химия пәнінен білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер» тақырыбындағы баяндама. Қазақ елінің болашағы-бүгінгі жас ұрпақтың ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Демек олардың қандай азамат болып шығулары-мектеп қабырғасында қаланады, олардың дұрыс бағытта білім мен тәрбие алуы қазіргі ұстаздың негізгі міндеті. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде Кембридж университетінің сындарлы оқыту-бүгінгі күннің ерекше жаңалығы. Заманауи талаптарына сай елеулі бетбұрыс. Басты ерекшелігі, дәстүрлі оқытуға қарағанда сындарлы оқытуда ерікті негізінде өткізілетінің айтты*

*Қаулы етеді :*

*1. І тоқсанның қорытындысы жақсы деп табылсын .*

*2. Химия, биология, география пәндерінен алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі жақсы деп табылсын.*

*3. «Химия пәнінен білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер» тақырыбындағы баяндама жақсы деп табылсын*

*Бірлестік жетекшісі:* *Р. Досыбаева*
*Хатшысы:* *А.Жарқынбаева*

*Хаттама №3*
*«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты»*
*коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың қаңтар айының*
*алтысы күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы болды.*

*Қатысқаны: - 8*
*Қатыспаған: -*

*Күн тәртібінде:*

*1.I жарты жылдық қорытындысы (бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау)*

*2. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу, ашық сабақтар өткізу.*

*3.Пән олимпиадасын өткізу.*

*4. Жаратылыстану пәндер апталығын өткізу*

*5. Түрлі мәселелер*

*Тыңдалды:*

*1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза Білім беру субъектілерін қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды пайдаланып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру – әр ұстаздың міндеті екенін айтты. Жаңа білім жүйесінің басты мәселесі-білім беру мазмұнының негізгі идеясын анықтап алу керектігін, білім сапасын жақсарту, үнемі алға ұмтылу, іздену керектігін, оқушының білім сапасын жүйелеу күнделікті сабақ барысында іске асатынын айтты, Қазақстан Республикасы болашақта өсіп өркендеп, алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің бірі болуы бүгінгі жастарды жоғарғы дәрежелі білімді, мәдениетті маман етіп тәрбиелеуге тікелей байланысты екенін айтты.*

*2. Екінші мәселе бойынша , мұғалімнің өзара тәжірибе алмасу ашық сабақтар өткізу мәселелеріне Досыбаева Роза тоқталды. II тоқсанда химия, биология пәндерінің мұғалімі А.Джангутова, А. Жарқынбаева, география пәнінің мұғалімі Р . Досыбаева , дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері С.Даулетбаев, А. Мирзабаевтар тартымды ашық сабақтар өтілгенін айтты.*

*Озық педагогикалық тәжірибені байыту , өз білімін көтеру жоспарын толықтыру, баға нормасы, үлгерімі төмен оқушылар мен дарынды балалармен жұмыс жүргізу , және жоспарлы іске асыру керектігін айтты.*

*3. Пән олимпиадасына сынып оқушыларының деңгейіне қарай сұрақтар құрастырылып, нұсқаларға ,бөлімдерге бөліп,хаттамалар жазылуын, әділ өткізу керектігі айтылды*

*4. Жаратылыстану пәндер апталығының жоспарында ашық сабақтар, сайыс, жарыс сабақтар, спорттық ойындар, жарыстар өтетінің жоспарлады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, күнделікті өмірде қолдана білуге, салауатты өмір салтын ұстануға, табиғатты сүю, оны қорғауға тәрбиелеу керектігін айтты.*

*5. Әр түрлі мәселелер*

*Бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза кабинет жетекшілеріне кабинеттерді безендіру, озық педогогикалық тәжірибені байыту, баға нормасы, үлгерімі төмен оқушылар мен дарынды балалармен жұмыс жүргізу оларды жоспарға сай жүргізу керектігін айтты.*

*Жаратылыстану пәндер әдіс бірлестігі жоғардағы мәселелерді талқылай келе*
*Қаулы етеді:*

*1. I жарты жылдық қанағаттанарлық жақсы деп табылсын. Оқушылардың үлгерімі, білім сапасы арттырылсын .*

*2. Әр сабақ сапалы да нәтижелі өткізілсін .*

*3.Пән олимпиадасы өз уақытында өткізілсін.*

*4. Жаратылыстану пәндер апталығы жоспарға сай өткізілсін*

*Бірлестік жетекшісі :* *Р. Досыбаева*

*Хатшысы :* *А.Жарқынбаева*

*Хаттама №4*

*«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты»*

*коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың наурыз айының*

*жирма сегізі күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы болды.*

*Қатысқаны: - 8*

*Қатыспаған: -*

*Күн тәртібінде:*

**1.** *III тоқсан қорытындысы (бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау)*

**2.** *Мұғалімдердің өз білімін көтеру жұмыстарының есебін тыңдау (пән мұғ.)*

*3. Химия, биология пәндерінің дәптерлері және бақылау жұмыстарының жүргізілуі.*

**4.** *Түрлі мәселелер.*

.

*Тыңдалды:*

*1. Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Р. Досыбаева сөз алды. Досыбаева Роза химия, биология, география пәндерінен оқушылардан алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі жайлы хабарлады. Пән мұғалімдері Джангутова А, Досыбаева Р, Жарқынбаева А екенін айтты.*

*2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза мұғалімдердің ізденіс тәжірибесінің қатысуына тоқталды.*

*Озық педагогикалық тәжірибені байыту , өз білімін көтеру жоспарын толықтыру, баға нормасы, үлгерімі төмен оқушылар мен дарынды балалармен жұмыс жүргізу , оларды жоспарға сай жүргізу керектігін айтты.*

*3. Химия, биология пәндерінің дәптерлері және бақылау жұмыстарының жүргізілуі. Пән дәптерлері тексерілді. Нашар ұсталған дәптерлерге олқылықтарын жоюға уақыт берілді, әр сабақ барысында тексеріліп отыруын ескертілді. БЖБ,ТЖБ жұмыстары бойынша талдау жасалынбаған, ескерту жасалды кемшіліктерді жоюға уақыт берілді.*

*Жаратылыстану пәндер әдіс бірлестігі жоғардағы мәселелерді талқылай келе*

***Қаулы етеді:***

***1.****III тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.*

*2. Озық педогогикалық тәжірибені байыту, өз білімін көтеру жоспары толықтырылсын.*

*3. БЖБ,ТЖБ жұмыстары бойынша талдау жұмыстары уақытында жүргізілсін.*

*Бірлестік жетекшісі:* *Р.Досыбаева*
*Хатшысы:* *А.Жарқынбаева*

*Хаттама №5*
*«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты»*
*коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың маусым айының*
*екісі күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы болды.*

*Қатысқаны: - 8*
*Қатыспаған: -*

*Күн тәртібінде:*

***1.**Қ Р мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандартындағы әрбір сыныптар үшін берілген міндетті білім деңгейін орындалу барысы.*

***2.** II жарты жылдық бақылау жұмысының қорытындысы (мониторинг жасау).*

*3. Емтихан материалдарын талқылап, мектеп директорының бекітуіне ұсыну.*

***4.** 2022-2023 оқу жылының әдіс бірлестігінің бір жылдық жұмысының қорытындысы.*

*Тыңдалды:*

*1. Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Р. Досыбаева сөз алды. Досыбаева Роза химия, биология, география пәндерінен оқушылардың IV тоқсан, жылдық нәтижесі жайлы хабарлады. Пән мұғалімдері Джангутова А, Досыбаева Р, Жарқынбаева А екенін айтты. Әр пән мұғалімдері өз БЖБ,ТЖБ талдауларына тоқталып кемшіліктері мен жетістіктерін айтып өтті.*

*2.Екінші мәселе бойынша биология пәнінің мұғалімі А.Жарқынбаева сөз алды. Химия, биология,география пәндерінен мектеп ішілік олимпиададағы жетістіктер мен кемшіліктерге тоқталды оқушыларға көбірек деңгейлік тапсырмалар берілу керектігіне айтты. Дене шынықтыру пәнінен үйірме сабақтарда волейбол,футбол,шахмат ойындары оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып жүргізіліп жатқанын Мирзабаев Арманбек мәлімдеді .Жаратылыстану апталығында ашық сабақтар, жарыс ,сайыс сабақтар өтілді.*

*3. Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейіне бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза 9а ,9б сынып биология пәнің таңдап бос уақыттарында дайындық жұмыстары ой тыңғылықты жүргізіліп жатқанын айтты.*

*4. Жаңа оқу жылына мақсат- міндеттер, жаңа жоспар құру. Спорттық үйірмелер саның көбейту және оқушыларды жарысқа апару , биология, химия пәндеріне үйірмелер ұйымдастыру . Оқушыларды интернет олимпиадаға қатыстыру .*

*Шешім етеді:*

1. *Оушылармен жұмыс істеуде оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіру*
2. *Бірлестікте жоспарланған іс-шараларды уақытында өткізу*
3. *Мемлекеттік емтихан өз дәрежесінде өтілсін*

*Бірлестік жетекшісі:* *Р. Досыбаева*
*Хатшысы:* *А.Жарқынбаева*

«Бекітемін»

Мектеп директоры

__________ А.Юсупова

«Келісемін»

Оқу ісі жөніндегі орынбасары

__________ Е.Әмірбеков

***«№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың 20.02-04.03 жұлдызы аралығында өтілетін «Жаратылыстану пәндер» апталығының іс-шараларының жоспары.***

***Тақырыбы: «Жаңа Қазақстан: Білім көкжиегіндегі жаңа мүмкіндіктер»***

***Мақсаты:*** *Білім беру үдерісіндегі жаңа инновациялық мүмкіндіктерді қолдана отырып, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары мен оқу дағдылары қалыптасқан тұлға тәрбиелеу*

| қ\с | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Сыныбы | Әдісі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Апталықтың ашылуы, жоспар мен таныстыру | 20.02-04.03 | 5-9 сыныптар | Сайыс сабақ | Жарқынбаева А |
| 2 | Сергіту сәті | 21-23.02.23 | 5-9 сыныптар | Сұрақ-жауап | Досыбаева Р<br>Жарқынбаева А<br>Джангутова А |
| 3 | Температураны өлшеу | 20.02.23 | 5 «а» | Ашық сабақ | Досыбаева Р |
| 4 | Фосфор және оның қоспалары | 24.02.23 | 9 «а» | Ашық сабақ | Джангутова А |
| 5 | Қол күрес | 24.02.23 | 6 «а» | Ашық сабақ | Мырзашов Д |
| 6 | Қол күрес | 24.02.23 | 8-9 сыныптап | Сайыс сабақ | Мырзашов Д |
| 7 | Сырға толы сырлы әлем \тәжірибе көреміз\ | 25.02.23 | 5-9 сыныптар | АКТ зал | Джангутова А<br>Досыбаева Р |
| 8 | Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар | 27.02.23ж | 8 «б» | Ашық сабақ | Жарқынбаева А |
| 9 | «Тоғызқұмалақ»ойыны-сыныптан тыс спорт сабағы | | 5-9 сыныптар | Сайыс сабақ | Салибеков О |
| 10 | Толағай | 28.02.23ж | 3 «а» | Жарыс сабақ | Даулетбаев С |
| 11 | Дене тәрбиесі апталығында **«Жаңа Қазақстан: Білім көкжиегіндегі жаңа мүмкіндіктер»** айдарымен мектепаралық мұғалімдер (әйелдер) арасында волейбол жарысын өткізу | 03.03.23ж | | | Салибеков О |
| 12 | Баскетбол. Ойын ережелері | 04.03.23ж | 7«а,б» сыныптар | Ашық сабақ | Мирзабаев А |
| 13 | Апталықты қорытындылау | | | | |

*Әдіс бірлестігінің жетекшісі: Р.Досыбаева*